

«ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ» АҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БИЗНЕСТІ ЖАУАПТЫ ЖҮРГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ

АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНЬ

**Тиісті сақтық: бұл не және қазақстандық бизнеске не үшін
қажет**

Хатшылықтан

Қазақстанның ЭБДҰ-ның Халықаралық инвестициялар және көпұлтты кәсіпорындар туралы декларациясына және онымен байланысты Көпұлтты кәсіпорындарға арналған басшылық қағидаттарға (КҰК) қосылуы отандық бизнес-қоғамдастық үшін жаңа күтулерді қалыптастырды. Бұл күтулер барған сайын ерікті сипаттан шығып, капитал және өткізу нарықтарына қол жеткізудің маңызды факторына айналып келеді. Олардың негізгі элементтерінің бірі - бизнесті жауапты жүргізу (БЖЖ) саласындағы тиісті сақтық.

Осы бюллетень шығарылымында бұл ұғымның мәні, оны практикада қалай іске асыруға болатыны және 2026 жылы оның қазақстандық компаниялар үшін неліктен жай ғана теориялық тәсіл емес, операциялық талапқа айналып келе жатқаны түсіндіріледі. Материал ең алдымен бизнеске - меншік иелеріне, басшыларға, тұрақты даму жөніндегі бейінді бөлімшелерге, заң және сатып алу қызметтеріне, сондай-ақ өзге де мүдделі тараптарға: кәсіподақтарға, салалық бірлестіктерге және қоғамдық ұйымдарға арналған.

БЖЖ саласындағы тиісті сақтық дегеніміз не?

ЭБДҰ-ның Бизнесті жауапты жүргізу жөніндегі тиісті сақтық бойынша басшылығына (OECD Due Diligence Guidance for Responsible Business Conduct, 2018) сәйкес, тиісті сақтық - кәсіпорын өз қызметінің нақты және ықтимал қолайсыз әсерлерін анықтайтын, олардың алдын алатын және оларды жұмсартатын, сондай-ақ мұндай әсерлердің қалай қарастырылып жатқаны туралы ақпарат беретін үздіксіз процесс. Орынды

болған жағдайда бұл процесс залалды жоюды қамтамасыз етуді немесе оған жәрдемдесуді қамтиды.

ЭЫДҰ-ның Көпұлтты кәсіпорындарға арналған басшылық қағидағтары тоғыз тақырыптық тарауды қамтиды; бұл ретте ЭЫДҰ-ның тиісті сақтықты жүргізу жөніндегі жалпы ұсынымы бәсекелестік және салық салу туралы тарауларға қолданылмайды:

- ақпаратты ашу;
- адам құқықтары;
- жұмыспен қамту және еңбек қатынастары;
- қоршаған орта;
- парақорлыққа және сыбайлас жемқорлықтың басқа түрлеріне қарсы күрес;
- тұтынушылардың мүдделері;
- ғылым, технология және инновация;
- бәсекелестік;
- салық салу.

Мәмілелер жасасу кезіндегі дәстүрлі қаржылық-құқықтық due diligence рәсімінен БЖЖ саласындағы тиісті сақтық процесі төрт негізгі параметр бойынша ерекшеленеді. Біріншіден, ол компанияның өзіне төнетін тәуекелдерге ғана емес, сыртқы тәуекелдерге - компания қызметінің адамдарға, қауымдастықтарға және қоршаған ортаға әсеріне бағытталған. Екіншіден, бұл бір реттік емес, үздіксіз процесс: операциялар, жеткізу тізбектері және реттеуші орта өзгерген сайын кәсіпорын тәуекелдерді бағалауға қайта оралады. Үшіншіден, ол іскерлік серіктестерді, жеткізушілерді және қосалқы мердігерлерді қоса алғанда, құн жасау тізбегін толық қамтиды. Төртіншіден, ол компанияның ауқымы мен ерекшелігіне сай қолданылады - тәуекелге негізделген тәсіл (risk-based approach) пайдаланылады, онда шаралардың тереңдігі мен ресурстық сыйымдылығы анықталған тәуекелдердің ауырлығы мен ықтималдығына сәйкес болады.

Процестің алты қадамы

ЭЫДҰ-ның шеңберлік моделі тиісті сақтықты бірізді әрі циклдік алты қадамға құрылымдайды. Маңыздысы: бұл қадамдар бір реттік чек-парақ емес, компанияның операциялық қызметіне кіріктірілген тұрақты циклді қалыптастырады.

1-қадам. БЖЖ қағидаттарын компанияның саясаты мен басқару жүйелеріне енгізу

Жоғары басшылықтың бизнесті жауапты жүргізу жөніндегі корпоративтік саясатты әзірлеуі және бекітуі; тиісті міндеттемелерді жеткізушілермен және серіктестермен жасалатын шарттарда бекіту; ішкі рөлдер мен жауапкершілікті бөлу; персоналды даярлау.

2-қадам. Нақты және ықтимал қолайсыз әсерлерді анықтау және бағалау

Операциялар мен құн жасау тізбегін карталау; салалық, елдік және операциялық тәуекелдерді бағалау; ең елеулі әсерлерді олардың ауырлығы (severity) мен ықтималдығы (likelihood) критерийлері бойынша басымдыққа қою.

3-қадам. Қолайсыз әсерлерді тоқтату, алдын алу немесе жұмсарту

Егер кәсіпорын қолайсыз әсерді тудырса, ол оны тоқтатуы немесе оның алдын алуы және залалды жоюды қамтамасыз етуі тиіс; егер кәсіпорын әсерге ықпал етсе - өз үлесін тоқтатуы немесе оның алдын алуы, ықпал ету тетіктерін пайдалануы және залалды жоюға жәрдемдесуі тиіс; егер әсер кәсіпорынның операцияларымен, өнімдерімен немесе қызметтерімен іскерлік қатынастар арқылы тек тікелей байланысты болса - әсердің алдын алу немесе оны жұмсарту үшін ықпал ету тетіктерін пайдалануы тиіс.

4-қадам. Іске асыру барысы мен нәтижелерін қадағалау

Ішкі мониторинг, сыртқы аудиттер, әсерге ұшыраған мүдделі тараптармен тұрақты өзара іс-қимыл; қабылданған шаралардың нәтижелілігін бағалау және талдау қорытындылары бойынша тәсілдерді түзету.

5-қадам. Анықталған мәселелердің қалай шешіліп жатқаны туралы ақпарат беру

Қоғамдық қаржылық емес және/немесе ESG-есептілік; әсерге ұшыраған тараптармен мақсатты коммуникациялар; ашылатын ақпараттың сенімділігін, толықтығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету.

6-қадам. Орынды болған жағдайда залалды жоюды қамтамасыз ету немесе оған жәрдемдесу

Егер кәсіпорын қолайсыз әсерді тудырса немесе оған ықпал етсе, ол залалды жоюды қамтамасыз етуі не осы процеске қатысуы тиіс. Кәсіпорын

деңгейіндегі шағымдарды қарау тетігі - ықтимал құралдардың бірі; сондай-ақ мемлекеттік және соттан тыс тетіктермен, оның ішінде Ұлттық байланыс орталығымен өзара іс-қимыл жасауға болады.

Неліктен бұл қазір қазақстандық бизнес үшін өзекті?

1. Негізгі сауда серіктестері юрисдикцияларындағы реттеуші қысым

Соңғы жылдары Қазақстан экспорты үшін маңызды юрисдикцияларда БЖЖ саласындағы күтулерді ерікті практикадан заңнамалық міндеттерге ауыстыратын міндетті талаптар жиынтығы қалыптасты. 2024 жылы қабылданған Еуропалық Одақтың корпоративтік тұрақтылық саласындағы тиісті сақтық туралы директивасы (CSDDD) 2027-2029 жылдары ЕО нарығына өнім шығаратын ірі компаниялар үшін өз операциялары мен құн жасау тізбектеріне қатысты тиісті сақтық жүргізу жөніндегі міндетті талаптарды кезең-кезеңімен енгізеді. Ұлыбританияның қазіргі заманғы құлдық туралы заңы (UK Modern Slavery Act) жыл сайынғы есептілікті талап етеді. АҚШ-тың ұйғырлардың мәжбүрлі еңбегінің алдын алу туралы заңы (UFLPA) жекелеген өңірлер мен аумақтардан шыққан тауарлардың заңсыз шығу тегі туралы презумпция белгілейді.

Еуропалық Одақ Қазақстанның ең ірі сыртқы сауда серіктесі болғандықтан, ал отандық экспорт металлургия, мұнай-газ секторы, химия өнеркәсібі және ауыл шаруашылығында шоғырланғандықтан, аталған режимдер шетелдік сатып алушылар мен өзге де контрагенттердің талаптары арқылы қазақстандық жеткізушілерге әсер етуі мүмкін.

2. Сатып алушылар мен халықаралық қаржы институттарының талаптары

Ірі халықаралық сатып алушылар шарттарға БЖЖ стандарттарына сәйкестік туралы ережелерді жиі енгізіп, жеткізушілерге аудит жүргізеді. Қазақстан белсенді ынтымақтасатын халықаралық қаржы институттары - Азия даму банкі (АДБ), Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ), Дүниежүзілік банк тобы, Еуразиялық даму банкі - экологиялық және әлеуметтік стандарттар мен шағымдарды қарау тетіктеріне қойылатын талаптарды өздерінің жобалық саясаттарына енгізді. Қолданылатын экологиялық және әлеуметтік талаптарды сақтау тиісті жобалар бойынша қаржыландыруды алу немесе сақтау шарты болуы мүмкін.

3. Операциялық және беделдік тәуекелдер

Өндірістік оқиғалар, еңбек даулары, экологиялық апаттар және жергілікті қауымдастықтардың шағымдары тікелей шығындар мен сот шығыстарына ғана емес, жобалардың тоқтатылуына, лицензиялардың қайтарып алынуына және шарттардың бұзылуына да әкелуі мүмкін. Алдын ала тиісті сақтық жүргізу мұндай оқиғалардың ықтималдығын едәуір төмендетеді және бизнестің күйзелістерге төзімділігін арттырады.

Типтік сценарийлер

Төменде қазақстандық экономикаға тән жағдайларды көрсететін үш иллюстрациялық сценарий берілген. Мұндай жағдайларда тиісті сақтық жүйесі практикалық артықшылық бере алады.

1-сценарий. Металлургиялық өнім экспорттаушы

Қазақстандық түсті металл өндіруші өз өнімін CSDDD талаптарына жататын еуропалық сатып алушыға жеткізеді. Директива бойынша міндеттемелер шеңберінде сатып алушы жеткізушіден құжатталған тиісті сақтық жүйесінің бар-жоғы, кеннің шығу тегі туралы мәліметтер және жеткізу тізбегі бойынша тәуекелдерді бағалау нәтижелері жөнінде ақпарат сұратады. Мазмұнды жауаптың болмауы шарттың бұзылу немесе оның талаптарының қайта қаралу тәуекелін туғызады. OECD Due Diligence Guidance for Responsible Supply Chains of Minerals құжатын қолдану және алты қадамдық модельді енгізу талапты орындауға және нарыққа қолжетімділікті сақтауға мүмкіндік береді.

2-сценарий. Жұмыс күшінің маусымдық көші-қонын пайдаланатын ауыл шаруашылығы өндірушісі

Агрокомпания егін жинау кезеңінде тартылған маусымдық еңбекті пайдаланады. Салалық кәсіподақ мердігер ұйымдар қызметкерлерінің еңбек құқықтарының бұзылуы туралы өтінішпен Ұлттық байланыс орталығына жүгінеді. Компанияда ішкі шағымдарды қарау тетігінің, еңбек тәуекелдерінің құжатталған бағасының және мердігерлермен жасалған шарттарда БЖЖ стандарттарын сақтау туралы ережелердің болуы ҰБО рәсімі шеңберінде компанияның адал ниетпен қабылдаған шараларын көрсетуге және жағдайды ушықтырмай татуласу арқылы шешуге мүмкіндік береді.

3-сценарий. Квазимемлекеттік сектор жобасы

Ұлттық компания ЕҚДБ қаржыландыруын тарта отырып, ірі инфрақұрылымдық жобаны іске асырады. Кредитор талаптары мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарының (SEP) және жоба деңгейінде жұмыс істейтін шағымдарды қарау тетігінің болуын көздейді. Бұл элементтерді жобаны дайындау кезеңінде қалыптастыру қаржыландыруды жабу кезінде туындайтын кідірістердің және іске асыру кезеңінде әсерге ұшыраған қауымдастықтар тарапынан шағымдардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Неден бастау керек: практикалық бағдар

ҰБО Хатшылығы компанияның ауқымы мен қызметінің сипатына сай келетін мынадай бастапқы қадамдар ретін ұсынады:

- жоғары басшылықтың шешімімен БЖЖ қағидаттарын ұстану ниетін бекіту; жауапты бөлімшені немесе лауазымды тұлғаны тағайындау және ішкі есептілік тәртібін айқындау;
- сала, қызмет жүргізілетін елдер және қызмет сипаты бойынша тәуекелдерге жеңілдетілген бағалау жүргізу (self-assessment); қолжетімді болған жағдайда ЭЫДҰ-ның салалық басшылықтарын пайдалану (минералдық ресурстар, жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, өндіруші өнеркәсіп, қаржы секторы);
- негізгі жеткізушілермен және іскерлік серіктестермен жасалған шарттарды қайта қарау: БЖЖ қағидаттарын сақтау туралы ережелерді, аудит жүргізу құқықтарын, оқиғалар туралы хабарлау тәртібін енгізу;
- БҰҰ-ның Кәсіпкерлік қызмет және адам құқықтары жөніндегі басшылық қағидаттарында көзделген тиімділік критерийлеріне сәйкес келетін шағым беру арнасын (ішкі және/немесе сыртқы) құру: заңдылық, қолжетімділік, болжамдылық, әділдік, ашықтық, құқықтармен үйлесімділік, диалогқа негізделу;
- саясатты мерзімді қайта қарауды және негізгі нәтижелерді жария түрде ашуды көздеу - бұл кейінгі ESG-есептілік үшін негіз қалыптастырады.

Шағын және орта кәсіпорындарға ЭЫДҰ-ның арнайы құралы - OECD Practical Guide on Responsible Business Conduct for SMEs құжатына сүйену орынды; ол Ұйымның ресми сайтында қолжетімді.

ЭЫДҰ-ның негізгі ресурстары

- OECD Guidelines for Multinational Enterprises on Responsible Business Conduct (2023 жылғы редакция) - негізгі құжат;
- OECD Due Diligence Guidance for Responsible Business Conduct (2018) - процестің әдіснамалық негізі;
- OECD Due Diligence Guidance for Responsible Supply Chains of Minerals from Conflict-Affected and High-Risk Areas;
- OECD-FAO Guidance for Responsible Agricultural Supply Chains;
- OECD Due Diligence Guidance for Responsible Supply Chains in the Garment and Footwear Sector;
- OECD Due Diligence Guidance for Meaningful Stakeholder Engagement in the Extractive Sector;
- ЭЫДҰ-ның БЖЖ жөніндегі электрондық платформасы - mneguidelines.oecd.org.

Ұлттық байланыс орталығының қолдауы

Қазақстан Республикасының бизнесті жауапты жүргізу мәселелері жөніндегі ҰБО Хатшылығы бизнеске және өзге де мүдделі тараптарға мынадай қолдау түрлерін көрсетеді:

- ЭЫДҰ-ның КҰК-қа арналған басшылық қағидаттарын және Тиісті сақтық жөніндегі басшылықты қолдану бойынша консультациялар;
- түсіндіру іс-шараларын, семинарлар мен тренингтерді, оның ішінде салалық бірлестіктермен бірлесіп өткізу;
- белгіленген рәсім шеңберінде нақты жағдайларды (specific instances) қарау;
- трансшекаралық өтініштер бойынша ЭЫДҰ Хатшылығымен және шетелдік ҰБО-лармен коммуникацияға жәрдемдесу.

Өтініштер қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады. Консультациялар ақысыз негізде беріледі.

ҰБО ХАТШЫЛЫҒЫНЫҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

Мекенжай: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Темірқазық көш., 65

Эл. пошта: ncpkaz@eri.kz

Телефон: +7 7172 99 99 12

Веб-сайт: https://eri.kz/en/Nacionalnyj_kontaknyj_centra/Ob_NKC/

LinkedIn: <https://www.linkedin.com/company/kazakhstan-ncp/>

Қазақстан Республикасының БЖЖ жөніндегі ҰБО Хатшылығы 2026 жылғы мемлекеттік тапсырма шеңберінде дайындады. Бюллетень материалдары ақпараттық-түсіндіру сипатында және нормативтік құқықтық актілердің не ЭЫДҰ құжаттарының ресми түсіндірмесі болып табылмайды.